Шағым № 01/337
10.04.2018 ж.

Қызылорда облысы бойынша қаржы бақылау инспекциясына

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-нің
директоры Б.Ы.Шамаховтан
Қызылорда қаласы, Түркістан к-сі, 36 үй

ШАҒЫМ

«Ақмешіт-Мелиоратор» ЖШС-гі 15.02.2018 жылы №2297181-1 Қызылорда облысының дене шынықтыру және спорт басқармасының "Стадион" коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны ғимаратына ағымдық жөндеу жұмыстары өткізілген электронды ашық конкурсқа қатысқан болатын. **Ұйымдастырушы:** «Стадион» МКҚК-ны.

Әлеуетті өнім беруші конкурстық құжаттамада көрсетілген, шарт бойынша міндеттемелерді орындау үшін жеткілікті материалдық ресурсын иелену бөлігінде біліктілік талаптарына сәйкес келмейді, себебі техникалық ерекшелікте көрсетілген 1 дана «Бетоносмесители, 65л. или более» және 1 дана «Машины шлифовальная МШУ» жабдықтары ұсынылмаған. Ал, әлеуетті өнім берушінің екінші №5-қосымшасының №2, 18-реттеріндегі жабдықтарының техникалық сипаттамасы техникалық ерекшелікте көрсетілген жабдықтардың техникалық сипаттамасына сәйкес келмеуіне байланысты есепке алынған жоқ **деген негізбен,** бізді конкурсқа қатысуға негізсіз жібермеген.

Әлеуетті өнім берушінің 5-қосымшаның материалдық ресурстар бөлігінің 18-ші ретінде **Бетономешалка BWE 460л DEFRO 380вт 1-дана**, 19-ші ретінде **Машина шлифовальная МШУ-2-230 Лепсе 1-дана** ұсынылып PDF форматта растаушы құжаттары салынғандығын және техникалық ерекшелік жағынан сәйкес келетіндігін хабарлаймын.

Заңның 47-бабына сай, әлеуетті өнім беруші тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне, егер олардың әрекеттері (әрекетсіздігі), шешімдері әлеуетті өнім берушінің құқықтары мен заңды мүдделерін бұзса, шағым жасауға құқылы.

Тапсырыс берушінің, мемлекеттік сатып алуды ұйымдастырушының, мемлекеттік сатып алуды бірыңғай ұйымдастырушының, комиссиялардың, сарапшының, мемлекеттік сатып алу саласындағы бірыңғай оператордың әрекеттеріне (әрекетсіздігіне), шешімдеріне конкурс (аукцион) тәсілімен мемлекеттік сатып алу қорытындысы туралы хаттаманы орналастырған күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей, уәкілетті органға шағым жасалған жағдайда, мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасасу мерзімі шағымды қарау мерзімі аяқталғанға дейін тоқтатылатындығы көрсетілген.

Осыған байланысты Сіздерден конкурс қорытындысын қайта заңдылығын анықтап тиісті шара көруіңізді сұраймын.

«Ақмешіт-Мелиаратор» ЖШС-нің
директоры **Б.Ы.Шамахов**

ЖШС Ақмешіт-Мелиоратор ТОО